

## «Сильная региональная наука - сильный регион»

Так называлось выездное заседание Президиума Национальной академии наук при Президенте Республики Казахстан по развитию региональной науки в Республике Казахстан, которое состоялось 21 мая в Таразском региональном университете им. М.Х.Дулати.

В мероприятии приняли участие аким Жамбылской области Е.Карашукеев, президент правления НАО «Национальная академия наук РК» при Президенте РК А. Куришбаев, вице-министры сельского хозяйства, науки и высшего образования, водных ресурсов и ирригации, экологии и природных ресурсов, депутаты обеих палат Парламента, руководители НАО «НАНОЦ», НПП «Атамекен», АО «Фонд науки», ВУЗов, НИИ, региональных субъектов бизнеса, а также представители СМИ. Как показывает мировой опыт, развитие региональной науки является ключевым фактором внедрения инноваций в производство и укрепления связи науки с реальным сектором экономики, позволивший ведущим экономическим державам мира в кратчайшие сроки обеспечить техническое и технологическое перевооружение производства и добиться феноменальных успехов в развитии. К сожалению, в Казахстане вопросы развития региональной науки практически остались без должного внимания и здесь наблюдаются серьезные диспропорции. В системе региональной науки работают всего лишь 35% ученых-исследователей. И, как результат, 66% всех внутренних затрат, 79% программно-целевого и базового финансирования, 75% грантового финансирования научных исследований приходится на города Алматы и Астана. Крайне низким остается объем финан-



сирования науки из местных бюджетов, доля которого в 2023 году составила всего лишь 0,4% от общих затрат на научные исследования. В регионах фактически отсутствует система распространения знаний, нет эффективной связи между наукой и производством. Вместе с тем нужно отметить, что в решении проблем развития региональной науки и ее интеграции с реальным производством крайне низкой является и роль самих местных исполнительных органов. Все это, в конечном счете, выступает сдерживающим фактором развития инноваций в регионах.

В этой связи, в ходе данного выездного заседания участники обсудили ряд конкретных мер, направленных на развитие региональной науки в Республике Казахстан. В частности, вопросы выполнения поручения Главы государства по созданию на местах региональных Советов по науке и технологиям, и превращения их в действенные структуры по координации

деятельности государственных органов, научно-образовательных и общественных организаций, бизнес сообщества в части научного обеспечения производства и развития инноваций на местах, а также подготовки кадров. Также были рассмотрены вопросы финансирования науки на уровне регионов, участия местных бюджетов в коммерциализации научных разработок и их внедрении в производство, размещения госзаказа на научные исследования для решения региональных проблем, вовлечения в этот процесс средств бизнеса, а также создание на местах фондов развития науки. Пристальное внимание было уделено повышению роли местных исполнительных органов в вопросах управления научными организациями региона, создании и функционировании центров распространения знаний на местах.

В рамках заседания состоялись форсайт-сессии на тему «Фронтиры АПК». Е. Шевченко, к.э.н., директор центра наук

о земле, космосе и коммуникации, НАО «Национальная академия наук РК» при Президенте РК рассказала о проведении форсайтных исследований в Казахстане, а также руководила работой групп в рамках форсайт-сессии.

Я был руководителем работой экспертной группы по проведению форсайтов по направлению «Устойчивое развитие агропромышленного комплекса и безопасность сельскохозяйственной продукции». На мой взгляд, сегодня невозможно переоценить вклад науки в социально-экономическое и технологическое развитие любой страны. Так, в странах с высоким и средним научным потенциалом наука способствует эффективному использованию страной знаний в целях ее экономического и общественного развития, в то время как в странах с низким научным потенциалом наблюдается слабая связь между наукой и развитием экономики. Наука является основным элементом в формировании и развитии постиндустриального общества, наукоемкой и инновационной экономики, что подтверждает опыт стран-технологических лидеров, где научные исследования и разработки, а также технологии и инновации являются стержнем развития экономики и общества. И форсайт, как инструмент достаточно практичный и гибкий, призван стать основой определения приоритетов научно-технического развития Казахстана, дать новый импульс его научно-технологическому развитию и повышению доли страны на мировом рынке наукоемкой продукции в перспективе.

**Элжан ШӘМШІДІН,**  
заместитель председателя  
правления-ректора, проректор по  
науке, кандидат сельскохозяйственных наук

### БӘРЕКЕЛДІ!

## Қанатың талмасын, «Ұшқын»!

Жуырда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Ұшқын» студенттік театры өз жұмысын бастаған болатын. Өзінің алғашқы қойылымымен тәңті еткен жас ұжымға сәттілік тілейміз!

Білім ордасындағы «Мәдениет және өнер» студиясының бастамасымен ашылған студенттік театр өзінің алғашқы премьерасымен университет сахнасына шықты. «Алғашқы махаббат» атты шағын қойылымның режиссері – Руслан Кенесарин.

Премьераны Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының белді актерлары Самал Әбуов пен Эльмира Мақашева, Оралқалалық Жастармәдениет сарайының әдіскері Мергүл Джакупова, «Атамекен» өнер ордасының концерттік режиссеры Еркін Қали университет оқытушыларымен, қызметкерлерімен, білім алушыларымен бірге тамашалады.

Ораз бен Әйгерім есімді кейіпкерлердің мектеп партасындағы бала махаббаттарының айналы-



сында өрбитін туындының уақыты қысқа болғанымен, балалық шақтың тәтті шақтарын, оқушылық кезеңнің ұмытылмас сәттерін еске түсірді. Көрермен ризашылықпен қол сокса, өнер иелері өз бағаларын берді.

Қойылым соңында университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов пен кеш қонақтары сөз алып, жас театр ұжымына сәттілік тіледі.

Танымал актер, режиссер Самал

Қадерұлы: – Театр – өмір айнасы. Өңіріміздегі іргелі оқу ордасында осындай студенттік театрдың ашылғанына қуанып тұрмыз. Жаңа қойылымның режиссері Руслан Әділұлы – менің шәкіртім, кәсіби маман. Осындай маманның айналасына топтасқан өнерлі жастарға сәттілік тілейміз, – деді.

Актриса, аудармашы Эльмира Жұмажанқызы театр өнерінің қаншалықты айрықша өнер түрі екеніне тоқталып, киелі сахнаның да тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті. Өзге меймандарда студенттік театрдың ашылуына қолдау көрсеткен университет басшылығына алғыстарын білдіріп, «ұшқындықтардың» үлкен сахналардан көрінуіне тілеуестік танытты.

Өз кезегінде университет проректоры Ақылбек Ұзақбайұлы шынайы тілекші болған өнер иелеріне рахмет айтып, студенттік театр ұжымының қатары талантты жастармен толығып, олардың арасынан болашақта дарынды актерлар шығарына сенім білдірді.





## Тұңғыш әскери білімнің негізін қалаушы

Әр мұғалім ұстаз бола алмайды десек те, білім беруші мен білім нәрін сусындаушының арасында бір тылсым байланыс болуы керек. Ал әскери салада бұл мәселе еселеніп қиындай түседі. Осы әскери саланың кәсіби шебері, өмірін осы бағытқа арнаған бірден-бір тұлға, біздің атамыз, қазақтың тұңғыш генерал-майоры Шәкір Жексенбаевтың әскери білім беру саласындағы еңбектері жөнінде сөз қозғамақпыз.



Еліміздің білім саласында тәуелсіздік алғалы біршама реформа жасалды, министрлері ауысты, бірақ көптеген мәселелер күн тәртібінен түспеген. Заман талабы, жаһандық өзгеріс білім саласына өз түзетулерін енгізді. Жас буынға, өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп, еңбек нарығында сұранысын арттырып сәйкестендіру жылдан жылға қиындай түсуде. Себебі жастардың өзін қай салаға болмасын қызықтыру – үлкен шаруа. Білім беруші ұстаз бірінші кезекте өзі жоғары білімді, жан-жақты, өмірлік тәжірибесі мол

Тарих тұңғығына үңілсек, 1930 жылдары жаппай сауатсыздықпен күрес ұраны тасталып, елде білім алу науқаны жүрген 1925 жылдың өзінде Шәкір атамыз Орынбор қаласындағы (сол кездегі Қазақ ССР астанасы) Қазақ ССР Орталық орындаушы комитеті атындағы «Біріктірілген әскери мектебінің» оқу бөлімінің басшысы қызметін атқарады.

Ш.Жексенбаев өзінің мемуарлық естелік кітабында былай деп жазады: «Санаулы жылдардың ішінде халықты жалпы әскери дайындауға тікелей кіріскен өз ұлт өкілдері арасында бүгінде қолбасшылар даярлайтын өзіндік арнайы мектебінің болуы қуантты. Жоғары әскери білім алған осы ұлттың өкілі ретінде бұл маған ерекше жауапкершілік жүктеді. Барлық алған білім мен тәжірибені жастарға беру қажет болды». 1940 жылдың шілдесінде Ш.Жексенбаев Қызыл әскердің Калинин атындағы химиялық қорғаныс әскери

училищесінің химиялық қорғаныс кадеттік батальонын басқарды, курсанттарға сабақ пен тәлім-тәрбие берумен қатар Қызыл әскер басшылығына арналған тактикалық-техникалық курстарда біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң генерал Ш.Жексенбаев 1945 жылдың тамыз айында К.Е.Ворошилов атындағы Әскери химиялық қорғаныс академиясының II факультетінің басшысы болып тағайындалды.

Сол кездегі химиялық қорғаныс академиясының міндеттері – негізнен көпқырлы әскери-тактикалық тәжірибені толығымен меңгеретін оқу процесін құру еді. Академия жұмысы қарулы күштердің арнайы бөлімшелерінің жауынгерлік және техникалық қасиеттерін, соғыс шеберлігін, тактикасын ұйымдастыру және капиталистік мемлекеттердің әскерлерінің жаңа техникасын жетік білетін жоғары білікті әскери инженерлерді дайындауға бағытталды.

Шәкір атамыз басшылық еткен инженерлік факультеттің оқу-әдістемелік жоспары әлі де дұрыс ұйымдастырылмағандықтан жаңа жарғы, нұсқаулықтар мен соғыс

уақытындағы үлкен тәжірибесі негізінде оқу бағдарламалары мен оқу жоспарын, кітап пен әдістемелік нұсқаулықтар шығаруды қолға алған. Сол жылдары студенттер инженерлік факультетте екі мамандық бойынша дайындалды: инженер-химик және қарумен қамтамасыз ету инженері. Білім алушылардың мұндай мамандануы кейіннен газсыздандыру техникасының, отшашу, жарылғыш және түтін тарату (огнеметно-зажигательные и дымовые средства) қаруының дамуына, химиялық әскерлерді техникалық қайта жабдықтауға айтарлықтай әсер етті. Бұл ретте, сол кездегі Химиялық қорғаныс академиясының негізгі міндеті – соғыс тәжірибесін жетік пайдаланып, оқу үрдісіне қосу екенін айта кеткен жөн.

Ш.Жексенбаевтың өміріндегі ерекше

луына, оқу үрдісінің және оқытушылар құрамының мамандануының түбегейлі қайта құрылуына байланысты аға оқытушылық қызметке ауыстырылды. 1956 жылдың ақпан айында кафедра таратылып, Ш.Жексенбаев сол академияның аға оқытушысы болып қызмет атқарды.

Осы қызметте жүріп 1958 жылдың қазан айында белгіленген қызмет мерзімі өтілі аяқталуына байланысты Кеңес әскері қатарынан запасқа шығарылды.

1958 жылдың желтоқсанынан 1962 жылдың ақпанына дейін ДОСААФ-тағы Мәскеу қалалық әуе қорғаныс училищесінде командир-нұсқаушы болып жұмыс істеді. 1962-1963 оқу жылында В.В.Куйбышев атындағы Мәскеу Еңбек Қызыл Ту орденді инженерлік-құрылыс институтында арнайы дайындық



қуанышты оқиға – Ұлы Қазан социалистік төңкерісінің 28 жылдығына орай Мәскеу гарнизоны әскерлерінің әскери шеруіне қатысуы болды. Оған генерал-майор Химиялық қорғаныс әскери академиясының II батальонының шеруін бастап келді.

1946 жылы сәуір айында Шәкір атамызды Құрлық әскерлерінің химиялық қару-жарақпен қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары лауазымына тағайындады. 1947 жылдың наурызында К.Е.Ворошилов атындағы Жоғары әскери академиясы жанындағы Жоғары академиялық курстарға оқуға жіберілді. Курсты аяқтағаннан кейін ол Беломорск әскери округінің химиялық қорғаныс бөлімінің басшысы болып тағайындалса, ал 1949 жылдың мамыр айында В.В.Куйбышев атындағы Қызыл Ту әскери-инженерлік академиясының жалпы тактика және жедел дайындық кафедрасының әскери-химиялық істері бойынша аға оқытушы қызметіне ауыстырылды. Бір жылдан кейін осы академияда химиялық қорғаныс кафедрасы ұйымдастырылып, оның меңгерушісі болып Ш.Жексенбаев тағайындалды. Оны төрт жыл басқарып, содан кейін атом қаруының пайда бо-

кафедрасының азаматтық қорғаныс курсы бойынша оқытушы болып қызмет атқарды.

1963 жылдың ақпан айында Мәскеу автомеханикалық институтының әскери кафедрасының азаматтық қорғаныс курсының аға оқытушысы болып қабылданды. 1964 жылдың қарашасынан 1975 жылдың қыркүйегіне дейін И.А.Лихачев атындағы Мәскеу автомобиль зауытында (ВТУЗ) азаматтық қорғаныс бойынша әскери кафедрасында курс басшысы болып жұмыс істеді.

Генерал Шәкір Жексенбаевтың әскери салада ғылым мен білімге қосқан үлес жетісітігінің бірі – 2020 жылы жарық көрген «Қазақстанның әскери ғалымдарының 100 есімі» (100 имен военных ученых Казахстана) атты әскери-тарихи еңбегінің шығуы қуантарлық жағдай.

**Болат АЙТАЛЫ,**  
а.ш.ғылымдарының кандидаты,  
доцент  
**Шәкір АЙТАЛИЕВ,**  
Қазан Федералдық  
университетінің аспиранты  
**Ислам ЕРМЕКОВ,**  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың  
2-курс студенті







# Искусственный интеллект как инструмент обеспечения безопасности

В последние годы искусственный интеллект (ИИ) становится всё более важным инструментом в различных отраслях промышленности. Одной из наиболее значимых сфер его применения является обеспечение безопасности на нефтеперерабатывающих предприятиях. НПЗ, являясь объектами повышенной опасности, требуют строгого контроля и оперативного реагирования на любые отклонения в производственных процессах. ИИ помогает значительно повысить уровень безопасности и надежности их функционирования.

Нефтеперерабатывающие предприятия представляют собой сложные производственные комплексы, где одновременно протекает множество химических процессов. Малейшая ошибка или сбой могут привести к серьёзным авариям, способным вызвать масштабные экологические катастрофы, значительные финансовые потери и угрозу жизни и здоровью работников. Традиционные методы контроля и обеспечения безопасности часто оказываются недостаточно эффективными, особенно в условиях увеличивающейся сложности производственных процессов.

Искусственный интеллект предоставляет новые возможности для мониторинга и управления процессами на нефтеперерабатывающих предприятиях. Одной из ключевых технологий, способствующих этому, является машинное обучение. Эта технология позволяет анализировать огромные объёмы данных, поступающих от различных датчиков и систем на НПЗ. Данные могут включать информацию о температуре, давлении, химическом составе веществ и других критических параметрах, которые необходимы для безопасного и эффективного функционирования предприятия. Машинное обучение использует сложные алгоритмы для обработки этих данных и выявления скрытых закономерностей, которые могут быть неочевидны для человеческого глаза. Например, оно может обнаружить постепенные изменения в поведении оборудования, которые могут указывать на предстоящий отказ или аварию.

Благодаря этому, системы ИИ могут предсказывать возможные аварии, что позволяет принимать превентивные меры для их предотвращения. Например, если алгоритм обнаруживает, что определенное оборудование начинает работать с повышенной вибрацией или температурой, он может предупредить оператора или автоматически инициировать техническое обслуживание

до того, как произойдет серьезная поломка. Это не только помогает избежать дорогостоящих аварий и простоев, но и значительно повышает общую безопасность на производстве. Кроме того, такие системы могут постоянно обучаться и адаптироваться к новым данным, становясь все более точными и эффективными со временем.

На практике уже имеются успешные примеры внедрения искусственного интеллекта на нефтеперерабатывающих предприятиях, демонстрирующие его эффективность и значительные преимущества. Например, компания Shell использует систему предиктивного мониторинга, которая анализирует данные с датчиков в реальном времени и предсказывает возможные сбои в работе оборудования. Ещё один пример – компания ExxonMobil, которая внедрила ИИ для оптимизации процесса каталитического крекинга. Система анализирует данные о работе реактора и вносит корректировки в режимы его работы, что позволяет повысить выход готового продукта и снизить риск аварий. Компания Eni внедрила искусственный интеллект для управления процессом очистки нефтепродуктов. Система ИИ анализирует данные о составе сырья и продукции, а также параметры технологических процессов, таких как температура, давление и скорость потока. Используя эти данные, система оптимизирует работу оборудования для обеспечения высокого качества продукции при минимальных затратах. Это позволяет Eni повысить выход целевых продуктов, снизить энергопотребление и уменьшить количество отходов.

Несмотря на очевидные преимущества, внедрение искусственного интеллекта в нефтеперерабатывающую отрасль сталкивается с рядом значительных вызовов. Одним из основных препятствий является необходимость интеграции новых технологий с уже существующими системами управления и контроля. Нефтеперераба-



тывающие предприятия часто используют сложные и дорогостоящие системы, которые разрабатывались и модернизировались на протяжении многих лет. Интеграция ИИ требует значительных усилий для обеспечения совместимости и надежности новых решений с существующими инфраструктурами. Кроме того, внедрение ИИ связано с необходимостью обучения персонала работе с новыми инструментами. Работники должны освоить новые методы анализа данных, работы с алгоритмами и предиктивными системами. Это требует не только времени и ресурсов, но и готовности персонала адаптироваться к новым технологиям. Обучение и переподготовка сотрудников являются ключевыми аспектами успешного внедрения ИИ, без которых невозможно достичь полной интеграции и эффективного использования технологий.

Искусственный интеллект открывает новые горизонты в обеспечении безопасности нефтеперерабатывающих предприятий. Его способность анализировать большие объ-

емы данных, предсказывать аварии и оптимизировать производственные процессы делает его незаменимым инструментом для современной промышленности. Внедрение ИИ не только способствует повышению уровня безопасности, но и позволяет значительно улучшить экономическую эффективность производства. В будущем роль ИИ в нефтепереработке будет только возрастать, открывая новые возможности для развития этой важной отрасли. Компании, которые успешно внедряют ИИ, смогут значительно повысить свою конкурентоспособность на мировом рынке, предлагая более качественные и безопасные продукты при меньших затратах. Таким образом, искусственный интеллект становится ключевым фактором успеха и устойчивого развития в нефтеперерабатывающей промышленности.

Азамат ДНЕКЕШЕВ,

Преподаватель института Экономики, информационных технологий и профессионального образования

## Кәсіптік бағдар: мамандық таңдаудың кілті

Талапкерлерді кәсіби бағдарлау – болашақ мамандық пен білім беру бағытын таңдаудың маңызды кезеңі. Ал мамандық таңдау бұл сіздің өміріңізге айтарлықтай әсер етуі мүмкін маңызды шешім.

Көптеген адамдар үшін бұл нағыз қиындыққа айналады, сондықтан кәсіптік бағдар беру мамандық әлемін шарлауға және сіздің қызығушылықтарыңыз бен қабілеттеріңізге сәйкес келетін жолды таңдауға көмектесетін таптырмас құрал болып табылады. «Кәсіби бағдар беру неліктен маңызды?» деген сұрақ туындауы мүмкін.

Кәсіби бағдар беру – бұл мамандықты таңдау контекстінде өзіңізді, қызығушылықтарыңызды, құндылықтарыңызды және қалауларыңызды жақсырақ түсінуге көмектесетін процесс. Адамдар өмірінің көп бөлігін жұмыста өткізеді, сондықтан қанағат пен қуаныш әкелетін мамандықты таңдау маңызды мәселе.

Қазіргі таңда кәсіптік бағдар берудің көптеген әдістері бар. Олардың алғашқысы тесттер мен сауалнамалар. Ол арқылы сіз кәсіби қызығушылықтарыңызды, мамандыққа бейімділігіңізді анықтауға көмектеседі.

Келесісі түрлі іс-шаралар мен тағылымдамалар. Кәсіптік бағдарлау



семинарларына, бос орындар жәрмеңкелеріне және тағылымдамаларға қатысу таңдаған салада нақты тәжірибе ұсынады. Бұл әдіс арқылы мамандық туралы көбірек біліп қана қоймай, сонымен қатар мамандармен сөйлесуге, сұрақтарға жауап алуға және сізді не күтетінін түсінуге тамаша мүмкіндік.

Сарапшылармен кеңесу. Әр түрлі мамандықтардың өкілдерімен қарым-қатынас құнды кеңестер мен

түсініктемелер алуға көмектеседі. Сарапшылар өз тәжірибелерімен бөлісе алады, мамандықтың қыр-сырымен бөлісе алады, сондай-ақ табысты жұмысқа орналау үшін қандай дағдылар мен біліктіліктер қажет екендігі туралы ақпарат бере алады.

Кәсіптік бағдар берудің қандай пайдасы бар десеніз.

• Саналы таңдау жасау: Кәсіби бағдар ақпаратқа негізделген саналы таңдау

жасауға көмектеседі. Ол дегеніміз болашақ мамандығыңыз бойынша мансап жоспарлауда кездейсоқ шешімдерді және қажетсіз қателерді болдырмауға мүмкіндік береді.

• Өзіңізді жақсы түсіну: Кәсіптік бағдар беру процесі сонымен қатар олардың күшті жақтарын, әлсіз жақтарын және жеке құндылықтарын жақсы түсінуге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде таңдалған мамандықтың терең қанағаттануына ықпал етеді.

• Мотивацияны арттыру: Сіздің таңдауыңыз сіздің қызығушылықтарыңызға сәйкес келетінін түсінген кезде сіз таңдаған салада дамуға және жетістікке жетуге ынталы болуыңыз мүмкін.

Жоғары оқу орындары сіздің қажеттіліктеріңіз бен мақсаттарыңызға сәйкес келетін, табысты және қанағаттанарлық мамандық таңдау туралы шешім қабылдауға зор үлес қосады. Нәтижесінде кәсіби бағдар беру талапкерлер үшін алдағы мансабыңызды жоспарлаудың маңызды кезеңі болып табылады.

Жеңіс КУШМУХАНОВ

Студенттер контингентін

қалыптастыру бойынша

жобалық жұмыс тобының мүшесі,

аға оқытушы, магистр





## Білімнің биігіне ұмтылғандар

Жәңгір хан университетінде түрлі білім бәсекелерінде топ жарып, жүлделі орындардан көрініп жүрген студенттер аз емес. Негізінен білім алушылар республикалық деңгейдегі студенттік пәндік олимпиадада өздерінің біліктіліктерін дәлелдеп, университет қабырғасында оқыған-тоқығандарын сарапқа салады. Төмендегі жастар да – биылғы оқу жылында ұйымдастырылған пәндік олимпиадалардан жүлделі орындарды еншілеп келгендер.



**Асылтас АМАНБАЕВА,**  
«Өсімдіктерді қорғау және карантин»  
білім беру бағдарламасының 4-курс  
студенті.

Асылтас бұған дейін Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы тұлға» атты республикалық сайыста ІІІ орынға қол жеткізсе, XVI республикалық студенттік пәндік олимпиада ІІ орынға тұрақтаған. Жетекшісі: Нұрболат Жасталапұлы Жаңаталапов. «Алға қойған ең бірінші мақсатым – соңғы оқу жылын жақсы нәтижелермен тәмамдап, дипломдық жұмыстан жоғары баға алу» дейді А.Аманбаева.



**Айжан ЖАСҚАЙРАТ,**  
«Құрылыс инженериясы» білім  
беру бағдарламасының 2-курс  
студенті.

Айжан бұған дейін «Арман үйі» жобасымен, «Құрылыс материалдары» баяндамасымен көзге түсіп, бірінші орыннан көрінген. Ал «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкциялар өндіру» білім беру бағдарламасының «Құрылыс материалдары-1» пәні бойынша ЖОО студенттері арасында өткен республикалық пәндік олимпиадада І орынды жеңіп алған. Жетекшісі: Нұргүл Болатқызы Адилова. Ендігі арман-мақсаты – Жәңгір хан университетінің мәртебесінің асқақтауына өз үлесін қосу. Сонымен қатар білім ордасын қызыл дипломмен бітіру үшін еңбектенуде.



**Кәмшат АМАНЖОЛ,**  
«Қаржы» білім беру бағдарламасының  
3-курс студенті.

Кәмшат 2023 жылы «Нарын сазы» ұлттық аспаптар ансамблі құрамымен бірге облыстық фестивалде ІІІ орын алған. Облыстық «Студенттік көктем» байқауында екінші орынды иеленген. Осы жылы «Микроэкономика», «Макроэкономика», «Кәсіпорын экономикасы» пәндері бойынша Семей қаласындағы Шәкәрім университеті ұйымдастырған республикалық студенттік пәндік олимпиадада ІІ орынды иеленген. Жетекшілері: Назым Атабекқызы Ахметжанова мен Жанар Құттықбайқызы Ержанова. Алдағы уақытта белсенді де үлгілі студенттер қатарынан қалыспай, оқуымды жақсы тәмамдасам дейді.



**Володя ЫҚЫЛАС,**  
«Мал шаруашылығы өнімдерін  
өндіру технологиясы» білім беру  
бағдарламасының 3-курс студенті.

Володя 2022 жылы институтаралық «Студенттік көктем» байқауында және жоғары оқу орындары арасындағы «Жаңа толқын» байқауында заманауи би номинациясы бойынша І орынды иеленді. Ол биылғы пәндік олимпиадада 3-ші орынға қол жеткізген. Жетекшісі: Дулат Аханұлы Дуимбаев. Белсенді студент университеті ойдағыдай аяқтап, мамандық бойынша жақсы жұмыс жасап, елге елеулі, халыққа қалаулы азамат болсам дейді.




**Жәния КУЛБАРАКОВА,**  
«Автомобиль көлігіндегі тасымалдауды  
ұйымдастыру және қозғалысты басқару» білім  
беру бағдарламасының 4-курс студенті.

Жәния 2023 жылы университетіміздің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған «Болашақты бірге жасаймыз» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияда 2-орынды иеленген. Сондай-ақ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен XVI республикалық студенттік пәндік олимпиадада «Көлік логистикасы» пәні бойынша 3-орыннан көрінген. Жетекшісі: Жанна Қайыржанқызы Кубашева. Білімді бойжеткен жақсы маман иесі болып, Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де қызмет студі армандайды екен.

**Дана АБДУЛШАЕВА,**  
«Қаржы» білім беру бағдарламасының  
3-курс студенті.

Дана мемлекеттік грант иеленіп, Жәңгір хан университетіне оқуға түскен. Сондай-ақ білімге деген құштарлығының арқасында президенттік шәкіртақы иегері атанған. Екі жыл қатарынан ғылыми мақалалар жазып, ғылыми конференцияларға қатысқан дарынды студент – «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының белсенділері қатарында. Екінші курста өзі секілді талапты жастармен бірге институтішілік «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынында жеңіске жеткен. Үшінші курста академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша Польша еліндегі университетте бір семестр білімін жетілдірген. Сол кезде де байқауға қатысып, қол жеткізген ұтысының нәтижесінде ұшақпен барып-келу жолақысы, ол жақта тұру, виза, медициналық сақтандыру секілді шығындары мемлекет тарапынан төленген. «Польшадан басқа 7 елді көру мүмкіндігіне ие болдым. Ол жақта GPA 4.0 болып, барлық сабағымды 5-



ке тапсырдым» дейді білімді жас. Биыл «Микроэкономика», «Макроэкономика», «Кәсіпорын экономикасы» пәндері бойынша Семей қаласындағы Шәкәрім университеті ұйымдастырған республикалық студенттік пәндік олимпиадада топтық жұмыспен ІІ орынды иеленген. Жетекшілері: Назым Атабекқызы Ахметжанова мен Жанар Құттықбайқызы Ержанова. Дананың арманы – университетті қызыл дипломға бітіріп, мамандығы бойынша жақсы жұмысқа орналасу. Магистратураға тапсыру да ойында бар.

## Уфа университетінде болды



21-23 мамыр аралығында Ресейдегі Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті базасында өткен «Жасыл технологиялар – көмірсутек әлеуетін игеру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Жәңгір хан университетінің оқытушылары қатысып келді.

Аталған жиынға Индустриалды-технологиялық институтының доцент м.а., PhD докторы Баян Елемесқызы Хамзина, доцент, т.ғ.к Бақытжан Жамбылұлы Бурханов, «Білім беру менеджменті және мониторинг» басқармасының жетекші сарапшысы Максұт Қажиахметұлы Дуйсенов қатысты.

Конференция оқу орнының ғылыми жетістіктері бойынша жасақталған ғылыми жобалар көрмесін таныстырудан басталды. Бұдан әрі конференцияның ашылу салтанаты болып Алжирдан, Йеменнен, Татарстаннан және Өзбекстаннан келген қатысушылардың арнайы

сәлемдесу рәсімі өтті. Конференцияға қатысушылар «Газ. Мұнай. Технологиялар» атты ресейлік мұнай-химиялық ХХХІІ халықаралық көрмесіне және бірнеше дөңгелек үстелдерге қатысып, шетелден келген әріптестерімен мұнай-газ саласындағы ортақ мәселелерді талқылады.

Университет өкілдері дүние жүзіндегі сұйық көмірсутектердің қорын тиімді түрде игеру және Батыс Қазақстандағы газды және газконденсатты кен орындарын пайдаланудың мәселелері бойынша Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінің «Геология және мұнай және газ кен орындарын барлау» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., профессор Ю.А.Котеновпен және «Таумұнай» факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент Ф.Н.Янгировпен кездесіп, екіжақты серіктестік аясында шаруашылық келісім-шарттар атқару бойынша жұмыстар жүргізуге келісті. Сонымен қатар осы кездесуде коседипломды мамандар даярлаудың қыр-сыры пысықталды.

### Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**

Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 579 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

### Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42 info\_zkatu@mail.ru